

# ТІЛ – ИНСТИНКТ

Кіріспе





Бұл курстың дәрістері кімге арналады? Бұл дәрістер адам тілі туралы. Сондықтан кең аудиторияға арналған десек қателеспейміз.

Кімдер үшін пайдалы дейтін болсақ? Бұл курс көптеген салаларға арналған. Атап айтсақ лингвистика, философия, психология, педагогика, этнография, тарих мамандықтары бойынша білім алушыларға, магистрант пен докторанттарға, ғылыммен айналысып жүрген ізденушілерге және ұстаздар мен білім саласындағы қызметкерлерге арналады.

Сонымен қатар адамның дамуы мен білім алуындағы ерекшеліктер, тіл мен ми байланысы, қызметі сияқты танымдық мәселелер көпшілікке де пайдалы болады деп сенеміз. Осы орайда автордың тұжырымдамасы да дәл осы ойды қорытындылайды. «Ғылымның сан түрлі саласында жұмыс істеп, бір қарағанда, бір-бірімен еш байланыспайтын сияқты көрінетін алуан түрлі мәселелерді зерттейтін кәсіби әріптестеріме мен осы кең ауқымды салаларды біріктіретін танымдық дүние ұсынамын деген ниеттемін».

Сонымен, аталған курста тіл мен ойлаудың арасындағы ғажайып байланыс, сөз, сөйлем, дыбыстардың ерекшелігі, тіл технологиялары және де басқа тіл жантануының, тілдің адамзат тарихында пайда болғанын айқындайтын мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, «миы естігіш» нәрестелер, «ЫМ» тілін пайдаланатын шимпанзе, сөйлейтін неандертальдықтар, маугли-балалар сондай-ақ, тағы да басқа таңғалдыратын тарихи фактілермен танысасыздар.

Бұл дәрістер топтамасымен танысқан соң Сіздер:

1. Ең алдымен тіл мен адам психикасының байланысы туралы американдық Стивен Пинкердің көзқарасымен және басқа да ғылыми теориялармен таныса аласыздар;
2. Тілдің табиғатына үңіліп күнделікті сөйлеу тілі әлемінің әсемдігін түсініп сипаттай аласыздар;
3. Грамматикалық гендер, компьютердің жасанды интеллектісі, нейрондық желілер туралы ақпарат аласыздар;
4. Тіл арқылы кең ауқымды салаларды біріктіретін ұстанымдарды білетін боласыздар.

Алғашқы дәрістің тақырыбы: «Шеберлікке жету инстинкті» деп аталады. Бұл дәрістің аясында «Тілдің адам тіршілігімен байланысына; Тіл адамның түйсігі теориясына негіздеме болған ғылыми тұжырымдамалар мен болжамдарға тоқталамыз.

Адамдар – бір-бірінің санасындағы бейнелерді таңғаларлықтай дәл етіп туғыза алатын ортақ қабілеті бар тіршілік иелері. Дыбыстарды аузымыздан жай ғана шығара отырып, сұхбаттасушымыздың санасындағы нақты жаңа ойлар комбинациясының үйлесім табуына қол жеткізуді көздейтіндей. Бұл қабілет адамға соншалықты табиғи болып көрінетіндіктен, оның қандай ғажап екенін біз ұмыта береміз.

Кез келген есті тіршілік иесінің даму тарихында тіл әрқашан айрықша бөлектеніп тұрады. Сөз жоқ, әрбір жеке адам жобалар жасап, мәселелерді шеше алатын қабілетімен таңдандырады. Дегенмен Робинзон Крузолардың тектесі оған көз жеткізу үшін күтпеген қадағалаушыға мүмкіндік бермес еді. Адамдардың немен көруге шын қабілетті екендігі Вавилон мұнарасының тарихында берілген, онда бір тілде сөйлейтін адамзат баласының аспанға тым жақындап барғанынан Жаратушының өзі қатерді сезінді. Біртұтас тіл қауымдастық мүшелерін біріктірілген мүмкіндіктері өте мол, бірлесе пайдаланылатын ақпараттық желіге қосады.

Кез келген адам қазір өмір сүріп жатқан немесе өмірден өткен басқа біреулердің сынақ пен қателіктер әдісі арқылы қол жеткізген керемет жетістіктерінен, бақытты сәттері мен білімдерінен пайдасын алып, қажетіне жарата алады. Адамдар қол жеткізген келісімдері негізінде өздерінің күштерін бір арнаға үйлестіріп, бірлесіп жұмыс істей алады.

Нәтижесінде Homo sapiens-ті тіршілік қарекеті ғаламшардағы жаһандық өзгерістерге әкелген көк-жасыл балдырлар немесе жер құрттары сияқты түрлердің қатарына кіреді деуге болады. Археологтар Франциядағы бір жартастың етегінен 17 мың жыл бұрынғы палеолит дәуірінде аңшылар қуып шың басынан құлатқан он мыңдаған жабайы жылқылардың қалдықтарын, сүйектерін тапты. Бұл көне ынтымақтастық пен бірлесіп өнертапқыштықтың қазынды ескерткіштері қазіргі адамдар олар мекендеген ортада пайда болған кезде, неге семсертісті жолбарыстар мен мастодонттар, түкті алып мүйізтұмсықтар мен ондаған ірі сүтқоректілер кенеттен жойылып кеткендігінің сырын ашуы ықтимал. Біздің бабаларымыз оларды атып қырған болуы мүмкін.



Тіл адам тіршілігімен тығыз байланысып жатқаны соншалық, онсыз өмірді елестетудің өзі қиын. Егер әлем шарының кез келген бір нүктесінде, екі немесе одан да көп адам кездесе қалса, олар тез арада тіл табысып кетеді. Әңгімелесетін досы болмаған жағдайда да, адам өзімен-өзі, итімен, тіпті, бөлмедегі гүлдермен сөйлеседі. Екеуара қарым-қатынаста да білектіден гөрі, аудиторияны өзіне қарата алатын, сөзге жүйрік, шешен, тілі майда адам басым болса, мінездер жекпе-жегінде өз пікірін табандылықпен дәлелдей білетін бала ата-анасынан да асып түседі.

Тілдің күштілігін мына ұғымнан көруге болады. Афазия деген ұғым – мидағы кемістік салдарынан, адамның сөйлеу қабілетінен жартылай, не болмаса біржола айырылуы. Мұның салдарынан адам, жақындарымен тілдесе алмай, жақын адамдарынан, отбасы мүшелерінен өзін бөлектеңіз қалғанын сезінеді.

Стивен Пинкер «Бұл кітап адам тілі туралы», – деп жазады. «Атауында «тіл» сөзі бар көп кітаптардан айырмашылығы қате сөйлегеніңіз үшін сізді ешкім сөкпейді, идиомалар мен сленгтердің пайда болуы туралы айтып, немесе палиндромдар, анаграммалар эпонимдермен, exaltation of larks тәрізді экзотикалық жануарлар тобының атауларымен көңіліңізді ауламайды. Өйткені мен ағылшын немесе басқа бір тіл туралы емес, одан әлдеқайда іргелі нәрселер: тілді меңгеру түйсігі, ол тілде сөйлеу мен түсіну туралы жазып отырмын», – деп Стивен Пинкер ойын жалғастырады.

«Тарихта бірінші рет ол туралы жазатын нәрсе табылып отыр. Адам санасының жұмыс істеу қағидаттарын түсіндіру үшін осыдан отыз бес жылдай бұрын психология, информатика, лингвистика, философия мен нейробиологияда қолданылатын әдістердің басын біріктіретін, қазіргі кезде «когнитивистика» («таным теориясы») деп аталатын жаңа ғылым пайда болды. Ол әсіресе тіл ғылымына елеулі серпін берді. Бізге қазір фотоаппараттың жұмыс істеу қағидаты немесе көк бауырдың қызметі сияқты түсінікті болып отырған көптеген тілдік құбылыстар бар. Мен сіздерге қайсыбірі қазіргі заман ғылымындағы өзге теориялар тәрізді сондай әдемі түзілген тамаша теориялар туралы айтамын деп үміттенемін, сонымен қатар менің басқа да жоспарларым бар», – деп автор өз ойын қорытындылайды.

Ендеше, біз тілді адамның артықшылығын айқындайтын қасиетті нәрсе демей, ақпаратты жеткізудегі биологиялық бейімделу ретінде қарай бастасақ, оны біртіндеп ойлау өрісін бағыттауы аппарат ретінде көретін арбаудан арыламыз.

Оған қоса, тілге ғажайып табиғи технология, «жетілдірілген құрылысы мен түрлену қабілеті біздің таңданысымызды туғызуға әбден лайықты» (Дарвин) мүшеге деген көзқарас, біздің қарапайым көршіміз бен сан рет жала жабылған ағылшын тіліне (сонымен қатар кез келген өзге тілге) жаңаша, құрметпен қарауымызға мүмкіндік береді. Дарвинизм көзқарасы тұрғысынан келсек, тілдің күрделі құрылысы бізге туғанымыздан берілген; бұл ата-аналар мен мектептен үйренетін нәрселер емес. Оскар Уайльд айтқандай: «Білім – ғажайып нәрсе, алайда нағыз білуге тұратын нәрсені үйрету мүмкін емес екенін анда-санда есімізге алып тұрғанымыз жақсы болар еді». Ол жайында жар салып айтпаса да, мектеп жасына дейінгі бала грамматиканы қалың стилистика оқулығы сипаттағаннан немесе ең жетілдірілген компьютерлік бағдарлама талдағаннан едәуір терең біледі. Бұл барлық ақыл-есі дұрыс адамдарға, тіпті, қиқы-жиқы сөйлемдерімен әйгілі болған кәсіби адамдарға қатысты.

Сонымен, бұл ойымызды жинақтасақ. Тіл – жақсы ұйымдастырылған табиғи инстинкт өнімі. Білімді адамдардың көпшілігінің тіл туралы қалыптасып қалған пікірі де аз емес. Олар оны адам мәдениетінің өте маңызды өнімі деп есептейді.

Тіл инстинктің бір түрі екені жөніндегі теорияны 1871 жылы тұңғыш рет Дарвин айтқан. Тіл мәселесінде «Адамның пайда болуында» оған біраз азаптануға тура келді: тілдің адамзат қоғамында ғана таралуы оның теориясына күмән туғызғандай болып еді. Қашанда оның ескертпелері әр заманға лайық болып келеді.

Филология сынды мәртебелі ғылымының негізін қалаушылардың бірі сөйлей білу – сыра қайнату мен нан пісіру шеберлігіне жақын деген еді. Алайда оны жаза білумен салыстырған жақсырақ болар еді. Әрине, бұл нағыз түйсік емес, өйткені кез келген тілді оқуға тура келеді. Соған қарамастан, ол әдеттегі барлық шеберлік түрлерінен, адамның сөйлеуге деген түйсікті түрдегі қажеттілігінің болуымен қатты айрықшалаанады; оған нәрестенің былдыры мысал бола алады. Солай болғанымен осыған дейін бірде-бір нәрестеде сыра қайнатуға, нан пісіруге немесе сөзді жазуға деген түйсікті қажеттілік байқалған емес. Онымен қоса, біздің заманымызда



бірде-бір филолог тіл мақсатты түрде жасалған деп санамайды; ол біртіндеп-біртіндеп баяу және бейсаналы түрде дамыған.

Чарлз Дарвин, тілдік қабілет – ол адамдарға ғана емес, өзге де кейбір биологиялық түрлерге, мысалы, «сөйлейтін» құстарға да тән «шеберлікке жетуге деген түйсіктік қажеттілік» деген қорытындыға келеді.

Тілдік инстинкт ұғымы тілді адам интеллектісінің шырқау биігі деп, ал түйсікті түктілер мен қанатты мақұлықтардың өзенде бөгет салуы немесе оңтүстікке ұша салатын жануарлардың ішкі қалауы деп санауды дағдыға айналдырғандардың ызасын тудыруы мүмкін.

Алайда Дарвин ізбасарларының бірі Уильям Джеймс: «Түйсік иесі өзін міндетті түрде «қатерлі автоматизммен» ұстауға тиісті емес. Ол бізде жануарларға тән түйсіктердің барлығы болуымен қатар, өзге де көптеген қасиеттер бар, – деп дәлелдеді. – Біздің икемді ақыл-есіміз – көптеген бәсекелесуші түйсіктердің өзара әрекетінің салдары. Дәл осы адам ойының инстинкті табиғаты оның инстинкт екенін түсінуге кедергі келтіреді».

Білімнің ақылды бұзғаны соншалық, табиғи нәрселер таңданыс туғызып, адамның кез келген түйсікті әрекетіне «неге?» деген сұрақ қойылатын болды. Тек метафизиктің басында ғана мынадай сұрақтар туындауы мүмкін:

«Неге біз риза болғанда қабағымызды түймей, күлімсірейміз?», «Неге біз қалың көпшілікпен досымызбен оңаша қалғандағыдай сөйлесуге қабілетсізбіз?», «Неге бізді дәл осы қыз ақыл-есімізден адастырады?».

Қарапайым адам жай ғана былай деп айта салады: «Әрине, біз күлеміз, әрине, көпшілікті көргенде біздің жүрегіміз дүрсілдеп кетеді, әрине, жетілген пішінге оранып, мәңгі-бақи сүйікті болу үшін жаралған қыздың сұлу жан-дүниесі анық та айқын байқалып тұрғандықтан, біз оны жақсы көреміз!»

Алайда біз тілдің қызмет ету процесін шыбынның жұмыртқа салу себебін сезінгеніндей де сезіне алмаймыз. Біздің ойларымыздың оп-оңай сөзге айналатыны соншалық, ішкі цензурадан сытылып шығып кетіп, бізді жиі ұялтып жатады. Түсіну процесінде бізге айтылған сөздердің ағыны ап-айқын; біздің мағынаны автоматты түрде ұғынатынымыз сондай, көріп отырған фильміміздің субтитр арқылы шет тілінде жүріп жатқанын ұмытып кетеміз. Біз балалар ана тілін анасының сөйлегеніне еліктеу арқылы меңгереді деп ойлаймыз, бірақ, бала «Don't giggle me!» сөзбе-сөз «Мені күлкілеме!» немесе «We holded the baby rabbits» «Біз көжектерді ұстадық» деп сөйлегенде, оның еліктеу болуы мүмкін емес.

Біздің ғасырда тілдің түйсікке ұқсайтыны жөніндегі ең белгілі, дәлелді тұжырымдаған, тұңғыш рет тіл құрылысының өте қитұрқы қағидасын ашқан лингвист – Ноам Хомский. Мүмкін, ғалым тіл және ойлау туралы ғылымдағы болған төңкерісті айқындады.

Хомский тілге қатысты екі іргелі фактіге назар аударды. Біріншіден, адам айтатын немесе түсінетін кез келген сөйлем – бұл ғалам тарихында тұңғыш рет пайда болатын сөздердің барынша жаңаша орналасуы. Сондықтан тіл тітіркенулерге көрсетілген әрекеттер жиынтығы бола алмайды; шектеулі сөздерден саны шектеусіз сөйлемдер алу үшін адам миында рецепт немесе бағдарлама болуы тиіс. Дегенмен бұл бағдарлама «ментальді грамматика» деп аталуы мүмкін (мектепте оқитын немесе бар болғаны жазу тілінің ережелері бойынша сілтеме болып саналатын стилистика құралдарындағы грамматикамен шатастырмаңыз). Екінші, іргелі факт – бұл күрделі ұйымдасқан грамматика, тез әрі өз бетінше дамиды, ал балалар өскеннен кейін соған сәйкес бұрын ешқашан кездестірмеген жаңа сөздік құрылымдарды қабылдайды. Сондықтан балаларда туғаннан ата-аналарының тіліндегі синтаксистік үлгілерді қалай ажыратуға болатынына көмектесетін барлық тілдердің грамматикаларына ортақ – «Әмбебап грамматика» сияқты қандай да бір схема болуы керек. Осылайша Хомский өз ойын түйіндеп, былай деп жазады:

«Ғылым тарихында кейінгі бірнеше жүзжылдықта ақыл мен дененің дамуы әртүрлі жолмен қарастырылғаны өте қызық. Адамның өмір салтына қарай оған қанат емес, қол өсіп шығатынын немесе оның басқа да мүшелерінің құрылу негізі кездейсоқтық нәтижесінде болған деген болжамды ешкім шын қабылдамайды. Керісінше, мөлшер мен даму сатылары сияқты, өлшемдер көбінесе сыртқы жағдайларға тәуелді болатынына қарамастан, ағзаның құрылымы тектік тұрғыдан анықталып қойғандығы өз-өзінен түсінікті деп саналады».



Қарапайым адамдар құрылымдық белгілеріне қарап, ана тілінің бір бөлігі ретінде қабылдайтын сөйлемдерге мұқият талдау жасай отырып, Хомский мен өзге де лингвистер адамның нақты бір тілді білуі және әрбір нақты тіл грамматикасының негізін құрайтын «Әмбебап грамматикаға» сүйене отырып, «ментальді грамматика» теориясы пайда болды. Көп ұзамай Хомскийдің жұмыстары өзге де ғалымдардың (олардың арасында Эрик Ленненберг, Джордж Миллер, Роджер Браун, Моррис Халл және Алан Лимберман бар) тілді зерттеуде баланы дамыту мен сөйлеуді қабылдаудан бастап, неврология мен генетикаға дейінгі мүлде жаңа бағыттарды ашуына шабыт берді. Қазіргі уақытта ол көтерген мәселелерді зерттейтін ғалымдар «тобы» мыңнан асады.

Хомский адамдарды ойлануға мәжбүрлейді. Оның идеяларына көрсетілетін әрекет әдетте діндегі жұмбағы мол пір тұтатын көсемдер ие болатын қастерлеу мен зор құрметтен бастап, дін білгірлері биік өнердің қатарына жатқызатын кемсіту, қорлау әрекеттеріне дейінгі аралықты қамтиды.

Оның себептерінің бірі Хомскийдің ХХ ғасырдағы ғылыми ойдың негізгі тірегі саналатын «Стандартты әлеуметтік ғылыми модельді» сынауымен де байланысты; осы модель бойынша адам психикасын оны қоршаған мәдени орта қалыптастырады. Алайда тағы бір себебі – бір де бір ойшыл Хомскийді елеусіз қалдыра алмайды. Оның ең қатал сыншыларының бірі болған философ Хилари Патнэм былай деп мойындайды: «Хомскийді оқығанда, оның ақыл-ойының зор қуатын сезінгеніңе таңғалып, аса көрнекті ақыл иесімен бетпе-бет келгеніңді түсінесің. Мәселе тек оның мықты тұлға екеніне таңғалуда емес, оның: ешкімге ұқсамайтын даралығы, уақытша және үстірт нәрселерді жек көруі, ескіріп қалды деп жүрген ережелерді (мысалы, «туа біткен идеялар теориясы») қайта қалпына келтіруге дайындығы (қалпына келтіре алатын қабілеті) және адам ақыл-ойының құрылымы сияқты ешқашан мәнін жоғалтпайтын тақырыптарға бара білген, көзге көрініп тұрған интеллектуалдық абыройы жайында болып отыр».

Хомский дарвиндік табиғи сұрыпталу теориясы (басқа эволюциялық процестерге қарсы) бар екендігін өзі дәлелдеген «тіл органының» пайда болуын түсіндіріп бере ала ма деп сенімсіздік танытуы арқылы өзінің көптеген оқушыларына міндет жүктеді.

Осыдан, Стивен Пинкер «Мен тілді – өте маңызды міндеттер атқаратын көз секілді эволюциялық бейімделу нәтижесі деп қараудың мәні бар деп санаймын», – деп ойын қорытындылайды.